

Облыс көлемінде 1984 жылы туылған азаматтарды шақыру учаскелерінде тіркеуді жүргізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы әкімінің 2000 жылғы 20 желтоқсандағы № 373 шешімі. Қызылорда облысының Әділет басқармасында 2000 жылғы 25 желтоқсанда № 504 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 12 бабына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Облыстың әскери комиссариаттары 2001 жылдың қаңтар-наурыз айларында 1984 жылы туылған және бұрын тіркеуден өтпеген әскер жасындағы азаматтарды тіркеуге алуды № 1 қосымшаға сәйкес жүргізетін болсын.

2. Аудандар мен Қызылорда қаласының әкімдері:

- әскери комиссариаттармен бірлесіп, азаматтардың шақыру учаскелеріндегі тіркелуін қамтамасыз етсін;

- аудандар мен Қызылорда қаласында тіркеуді жүргізетін комиссияларды құрып, олардың жұмыс жүргізулеріне қатысты жабдықталған бөлмелер бөлсін;

- тіркеуді жүргізу комиссияларына қажетті мөлшерде маман-дәрігерлер, медициналық аяждандар, техникалық қызметшілер және көліктер бөлсін;

- жастардың ұйымдасқан түрде әскери комиссариаттарға келіп, шақыру учаскелерінде тіркеуден өтулерін қамтамасыз ететін барлық мүмкіндіктерді қолдансын.

3. Облыстық ішкі істер басқармасы (Т.Рахимов):

- тіркеуді жүргізу кезінде аудандық және қалалық ішкі істер бөлімдері аудан, қала әскери комиссариаттарымен тығыз байланыс ұйымдастырылып шақыру учаскелеріндегі қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етсін;

- азаматтардың шақыру учаскелеріне келуіне бақылау жасап, тіркеуден бас тарту әрекеттерін болдырмау жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Облыстық денсаулық сақтау басқармасы (Д.Дәулетбаев):

- аудандық және қалалық әскери комиссариаттардың сұрауы бойынша, тіркеуді жүргізуге байланысты жастарға дәрігерлік анықтама беру үшін облыстық емханалардан маман-дәрігерлер бөлсін;

- шақыру учаскелерін қажетті дәрі-дәрмектермен, дәрігерлік құрал-жабдықтармен қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 35-бабының 1-тармағына сай тіркеу кезіндегі техникалық

және басқа да қызмет көрсету мен көлік шығындары жергілікті бюджет есебінен жүргізілсін.

6. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің орынбасары Н.Ерімбетовке жүктелсін.

Облыс әкімінің
міндетін атқарушы

Б. Қуандықов
Облыс әкімінің
2000 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 373 шешіміне № 1 қосымша

2001 жылы шақыру учаскелерінде есепке алынатын азаматтардың саны және тіркеуді өткізудің мерзімдері

Рет. саны	Аудандық, қалалық әскери комиссариаттардың аталуы	Есепке алынатындардың саны	Шақыру учаскелерінде есепке алуды жүргізу күндері
1.	2.	3.	4.
1.	Арал АӘК	650	20.01.- 31.03.2001 ж.
2.	Қазалы АӘК	465	15.01.- 15.03.2001 ж.
3.	Байқоңыр КӘК	140	15.01.- 31.03.2001 ж.
4.	Қармақшы АӘК	436	15.01.- 01.03.2001 ж.
5.	Жалағаш АӘК	879	12.02.- 28.03.2001 ж.
6.	Қызылорда облыстық және Қызылорда қалалық әскери комиссариаты	1700	12.01.- 31.03.2001 ж.
7.	Шиелі АӘК	795	20.01.- 30.03.2001ж.
8.	Жаңақорған АӘК	675	01.02.- 31.03.2001 ж.
	ОБЛЫС БОЙЫНША:	5740	